



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

# ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНСУЛЬТАЦИЯ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ



2025



# ӨЗЕКТІЛІГІ



Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуы (соңғы 3 жылда 15%-ға артты), олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, сондай-ақ білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет етуі ПМПК-ның инклюзивті және арнайы білім беру жүйесіндегі негізгі буын ретіндегі маңызын арттырып отыр



Ерте анықтау, жеке жоспарлау және ведомствоаралық тәсілді қолдану қажеттілігі ПМПК жұмысына деген көзқарастарды жүйелі түрде жаңғыртуды талап етеді



Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтеріне әдістемелік көмек көрсету



Педагогтер мен ата-аналарға кеңес беру



## МИССИЯ

Ерекше білім беруді қажет ететін баланың мүддесі үшін уақтылы бағалау жүргізуге, ұсынымдар әзірлеуге және білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын тиімді сүйемелдеуге жағдай жасау

## ПМПК МАҚСАТЫ

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар, дамуында және оқуда қиындықтары бар балаларға, олардың ата-аналарына және педагогтерге ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтап, жеке білім беру маршрутын құру мақсатында кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек көрсету

## МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

- 0-ден 18 жасқа дейінгі және одан үлкен жастағы балалар
- Ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер
- Білім беру ұйымдарының педагогтері
- Білім беруді басқару органдары

## ПМПК-НЫ ҮЙЛЕСТІРУ

ПМПК қызметін үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз етуді ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы жүзеге асырады



# ПМПК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Бір жұмыс күнінде тексеруден өтетін  
балалар саны  
**7-ден 10-ға дейін**

**ғимараттың жалпы ауданы**

**150-200 м<sup>2</sup>**

**01**

ерте және мектепке дейінгі  
жастағы балаларды кешенді  
тексеруге арналған кабинет



**02**

мектеп жасындағы балаларды  
кешенді тексеруге арналған  
кабинет



**03**

жеке тексерулер жүргізуге  
арналған мамандар кабинеті



**04**

әдістемелік жұмыстарға  
арналған кабинет



**05**

дәрігерлер кабинеті



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы  
№ 70 бұйрығы

“Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын,  
сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын  
жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру  
нормаларын бекіту туралы”

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы  
№ ҚР ДСМ-76, 2021 жылғы 9 шілдедегі  
№ ҚР ДСМ-59 бұйрығы

“Білім беру объектілеріне қойылатын  
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар”  
санитариялық қағидаларын бекіту туралы”



# БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗДЕ 110 ПМПК ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



## ҚАЖЕТТІЛІК:

- АЛМАТЫ қ.
- ШЫМКЕНТ қ.
- АҚТӨБЕ
- ТҮРКІСТАН
- МАҢҒЫСТАУ
- ЖАМБЫЛ
- АЛМАТЫ обл.
- ЖЕТИСУ



## ПМПК

Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңын басшылыққа алады  
(2002 жылғы 11 шілдедегі №343)

## ҚЫЗМЕТ МАЗМҰНЫ



Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау



Жеке оқыту маршрутын қалыптастыру



Ата-аналар мен педагогтерге кеңес беру



Ведомствоаралық өзара іс-қимыл



Педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету



ПМПК ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізу



# МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖІКТЕУІ



## Есту қабілетінің зақымдалуы

Есту қабілетінің әртүрлі деңгейіне әкелетін дыбыстарды қабылдаудың бұзылуы (нашар еститін, естімейтін бала және кохлеарлық имплантаты бар бала).

Денсаулық сақтау ұйымының сурдолог-дәрігерінің есту қабілетінің жағдайы туралы және ПМПК сурдопедагогының есту-сөйлеу қабылдауының даму деңгейі туралы қорытындысы негізінде белгіленеді



## Көру қабілетінің зақымдалуы

Көрнекі ақпаратты қабылдаудың, қоршаған әлемді толық көлемде көру қабілетінің бұзылуы (нашар көретін, көрмейтін бала).

Денсаулық сақтау ұйымының офтальмолог-дәрігерінің көру қабілетінің жағдайы туралы және ПМПК тифлопедагогының көру арқылы қабылдауының даму деңгейі туралы қорытындысы негізінде белгіленеді



## Психикалық дамудың тежелуі

Оқу материалын игеру қиындықтарында, зейіннің жеткіліксіздігінде, танымдық белсенділіктің төмендеуінде көрініс табатын психикалық дамудың баяулаған қарқыны.

ПМПК педагог-психологының психикалық даму деңгейі туралы қорытындысы негізінде белгіленеді



## Сөйлеу тілінің бұзылыстары

Сөйлеу тіліне әсер ететін сөздер мен сөз тіркестерін айту, түсіну, қалыптастыру және қолдану кезіндегі қиындықтарда көрінетін ауызша сөйлеуді дамытудағы бұзылыстар.

ПМПК невролог-дәрігерінің немесе денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы немесе ПМПК логопедінің сөйлеу тілі бұзылысының түрі туралы қорытындысы негізінде белгіленеді



## Оқытудағы ерекше қиындықтар

Интеллекті сақталған жағдайдағы жеке оқу дағдыларын (оқу, жазу және санау) игеруде қиындық туғызатын бұзылыстар тобы.

ПМПК арнайы педагогтері мен педагог-психологы белгілейді



## Зият зақымдалуы

Жоғары психикалық функциялардың даму деңгейінің төмендеуінен көрінетін, оқудағы, әлеуметтік бейімделудегі және күнделікті өмірдегі мүмкіндіктерге әсер ететін (жеңіл, орташа, ауыр және терең деңгейдегі) танымдық саланың тұрақты бұзылуы.

Денсаулық сақтау ұйымының психиатр-дәрігері негізінде ПМПК педагог-психологы зият жағдайы және зият дамуының деңгейін белгілейді. Психиатр-дәрігердің қорытындысы болмаған жағдайда, бала тұрғылықты жері бойынша психикалық денсаулық орталығына немесе психиатр-дәрігерге жіберіледі



## Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары

Өз бетінше ұтқырлықты, айналадағы әлеммен өзара іс-қимыл жасау қабілетін қиындататын, ілесіп жүретін адамның жүріп-тұруы немесе көмегі үшін арнайы құралдарды пайдалануды қажет ететін (өз бетінше қозғалатын, арнайы жүріп-тұру құралдарының көмегімен қозғалатын, өз бетінше қозғалмайтын (ілесіп жүретін адамның көмегін талап ететін) елеулі немесе айқын қозғалу бұзылыстары.

Тірек-қимыл аппараты функциясының жай-күйі туралы денсаулық сақтау ұйымының невропатолог-дәрігерінің қорытындысы негізінде белгіленеді



## Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-әрекет бұзылыстары немесе қиындықтары

Әлеуметтік байланыстар орнатудағы, эмоцияларды түсінудегі, қоршаған ортаның тұрақтылығына қажеттіліктегі қиындықтар (аутизм және аутистік спектрдің бұзылысы).

Денсаулық сақтау ұйымының психиатр-дәрігерінің қорытындысы және ПМПК психологының әлеуметтік-коммуникативтік даму ерекшеліктері мен деңгейі туралы қорытындысы негізінде белгіленеді. Психиатр-дәрігердің қорытындысы болмаған жағдайда, бала тұрғылықты жері бойынша психикалық денсаулық орталығына немесе психиатр-дәрігерге жіберіледі



## Мінез-құлық бұзылыстары немесе қиындықтары

Оқу іс-әрекетіне және әлеуметтік өзара іс-қимылға елеулі әсер ететін зейінді шоғырландырудың, өзін-өзі бақылау мен эмоцияларды реттеудің, әлеуметтік нормаларды сақтаудың орнықты қиындықтары (гиперактивтілік пен зейін тарпы және басқа да мінез-құлық бұзылыстарына, оның ішінде әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты).

Арнайы педагогтердің қорытындысы және ПМПК педагог-психологының мінез-құлық ерекшеліктері туралы қорытындысы негізінде белгіленеді



## Күрделі бұзылыстар

Оқуға, коммуникацияға, өзіне-өзі қызмет көрсетуге және әлеуметтік бейімделуге қабілеттілігін едәуір шектейтін екі және одан да көп физикалық және (немесе) психикалық дамудың бұзылыстың болуы.

ПМПК мамандары денсаулық сақтау ұйымы дәрігерлерінің қорытындысы негізінде белгілейді



# КАДРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- БАСШЫ
- ЛОГОПЕД
- ОЛИГОФРЕНОПЕДАГОГ
- СУРДОПЕДАГОГ
- ТИФЛОПЕДАГОГ
- ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ
- ӘДІСКЕР
- СТАТИСТИК
- ПСИХИАТР-ДӘРІГЕР
- НЕВРОПАТОЛОГ-ДӘРІГЕР
- СУРДОЛОГ-ДӘРІГЕР
- ОФТАЛЬМОЛОГ-ДӘРІГЕР
- ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ
- ТІРКЕУШІ
- БУХГАЛТЕР

## Қызметкерлер штаты

### “Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы”

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің  
2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығына сәйкес айқындалады

**Педагогтер** отбасына кеңес береді, баланың дамуы, оқуы және тәрбиесі бойынша ұсынымдар ұсынады

- **Басшы** ПМПК-ға тікелей басшылық жасайды және баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады;
- **Логопед** баланың сөйлеу тілінің даму деңгейі мен ерекшеліктерін анықтайды, сөйлеу бұзылысының түрін белгілейді;
- **Сурдопедагог** есту қабілетінің зақымдалуы бар немесе жоқ екенін анықтайды, есту-сөйлеу қабылдауының даму деңгейі мен ерекшеліктерін бағалайды;
- **Тифлопедагог** көру қабілетінің зақымдалуы бар немесе жоқ екенін анықтайды, баланың көру арқылы қабылдау деңгейі мен ерекшеліктерін бағалайды;
- **Олигофренопедагог** баланың білім, білік және дағды көлемін, олардың жас ерекшеліктеріне, оқу бағдарламасына және оқу сатысына сәйкестігін анықтайды;
- **Педагог-психолог** баланың эмоционалды-жеке даму ерекшеліктерінің бар-жоғын, сондай-ақ интеллектуалдық даму деңгейі мен ерекшеліктерін бағалайды;
- **Әлеуметтік педагог** балалардың әлеуметтік қолдауға мұқтаждығын анықтайды, отбасына құқықтық мәселелер бойынша кеңес береді, арнайы әлеуметтік қызметтер мен көмек алу үшін әлеуметтік қорғау органдарына жүгіну қажеттілігі туралы ақпарат береді.

**ПМПК дәрігерлері** отбасына емдік (сақтық) режим мәселелері бойынша кеңес береді, психофизикалық бұзылыстардың баланың дамуына, тәрбиесіне және оқуына әсерін бағалайды





# ПМПК-ДА ТЕКСЕРУ МЕН КЕҢЕС БЕРУ ТӘРТІБІ

Балаларды ПМПК-ға жолдау ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарының ұсынысы негізінде, ата-аналардың келісімімен жүзеге асырылады.

## Балаларды ПМПК-да тексеру және ата-аналарға кеңес беру тәртібі



ПМПК қызметі **“Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы”**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен реттеледі

Қызметтер **“Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы”**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына сәйкес ұсынылады



# ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗІ



Бюджеттік қаржыландыру

## ПМПК-НЫҢ АШЫЛУЫ

республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада, сондай-ақ аудан орталықтарында елу мың балаға

## ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

- арнайы білім беру ұйымдары (ППТК, Оңалту, Аутизм орталықтары);
- білім беру ұйымдары (балабақша, мектеп, колледж);
- денсаулық сақтау ұйымдары (емханалар, мед.орталықтар);
- әлеуметтік қорғау ұйымдары.





## КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР



Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру



Ерте анықтау және қолдау



Баланы динамикада сүйемелдеу



Педагогтер мен ата-аналардың құзыреттіліктерін арттыру



Инклюзивті және арнайы білім берудің тиімділігін арттыру